

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Құлбектің құндылықтары

Жақсылар бағалаған, жұрт білетін, көп танитын әдебиеттанушы, зерек сыншы, журналистігі мен жазушылығы да жанып жіберсең тіліп түсетін, зерделі ғалым, бір сөзбен айтқанда, сан қырлы, бір сырлы Құлбек Ергөбектің азан шақырылып қойылған есімі – Құл-Құлбек.



«Соғыстан жеті жерінен жараланып, жарымжан болып оралған» әкесі – Сәрсен, «Дөңгеленген дүниенің жан байлығын жұдырықтай жүрегіне сыйғыза білген аяулы» анасы – Бибайша азан шақырып ұлдарының атын Құл-Құлбек қойған екен. Ол кездің адамдарының миы аталадан таза, ойы тұнық, арманы биік болған ғой. Мүмкін ұрпақ дегенде үмітін үкілеп жүретін әке мен шешенің көкейінде сол сәтте Құл Қожа Ахметтей (Ясауи) данышпан тұрған болар.

Сыншының нәтижелі еңбегін ерте аңғарған, жазғандарын зердесінен өткізіп, шынайы бағасын ақ ниетпен айта алған, қазақ қарасөзінің хас шебері, ақыл-ой алыбы, болмысы бүтін, келбеті келісті кемел жазушы Әбіш Кекілбайұлы: «Ергөбековті Ергөбековтей бақайшағына дейін жіліктей шағып, жіліктей зерттеп, жіліктей түсіндіру үшін тағы бір Ергөбеков керек... таңғалдыра біледі. Тамсандыра біледі», деп бағалапты. Осының өзінен-ақ Құлбектің тынымсыз тірлігін бейнелеп айтсақ, қызыл «қырманын», кең тынысын көрсек керек.

Иә, Құлбектің қарымы мен дарынын, алымы мен шалымын дәйектейтін, Әбіш ағамыз атаған дара бағаға жауап іздеу ниетімен қолға қалам алған едік. Бірден айтайық, данадан сондай баға алу – екінің бірінің маңдайына жазыла бермейді. Бұл ұлтқа керек іске құл болу, сол құлдық еңбектің еселеніп қайтуын – оның шығармашылығына ден қойған адам

бірден аңғарары хақ. Оған жұрт қолына тиген ондаған кітабы дәлел. Айталық, алты томнан тұратын «Арыстар мен Ағыстар», жеті томды құрайтын «Түрікстан жинағы» және жеті кітап: әрқайсысы қырық баспа табаққа жетіп жығылатын «Өлеңсөз», «Қарасөз», «Сарасөз», «Дарасөз», «Данасөз», «Баянсөз», «Баласөз», Сәбит Мұқанов болмысын қамтыған бес кітап, өткен жылы қолға тиген «Келбет» атты қырық баспа табақ көлемді еңбек – Құлбектің ұлт руханиятына қосқан өлшеусіз үлесі десек, қателеспейміз.

Алғашқы сөзді – жыр жасыны, жарқ етіп жанып, маңдайға сыймай, жұлдыздай ағып өткен, бірақ құбылыс ретінде ұлт ақынына айналған, біз жөнге келтіре алмай жүрген қазақ тілі туралы ана ғасырдың басында «Сүйемін туған тілді – анам тілін...» деп ардақ тұтқан арда ұл: «Біз – Алаштың баласы... Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп ант етіп, антқа адалдықтан танбай қызмет еткен, «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам! Қараңғылықтың кегіне, Күн болмағанда кім болам?.. деп тас түйін қарекетке бет алған Сұлтанмахмұт Торайғырұлынан бастайды. Оның өмірбаянына үңіледі, өлеңдерінің астарына бойлап барып, «С.Торайғырұлы поэзиясы, түрдің түлеуі, жанрдың жаңаруы», деп ұлт мұратына оның адал қызмет еткенін қадап айтады.

Мәриям ана Хакімжанова дананы сөйлетеді. Оны төңіректеген сіңлілерін атайды. «Жас өмірім бақытсыздықпен өтті. 21 жасымда өлідей жесір қалдым. 31 жасымда (1937) тірідей жесір қалдым...» деп ашына айтады да, оны өлең жолына былайша түсіреді: «Августың жиырма тоғызы естен кетпес, Сол күні төккен жасым мәңгі кеппес. Бұлбұлым бақшадағы түсті торға, Көзден ғайып болды қолым жетпес. Өмірдің күнгеі жағы қырындады, Жалт беріп бақыт құсым бұрылмады. Қайғының қара торы алдымда орай, Жан ұшырып жармассам да сырылмады», деп мұң шағады. Өкінішті өмір. Бірақ ол кісінің ұлт анасы, жұрт кісісі, замандастарына адал серік, сіңлілеріне аялы алақан болғанын, айналасына үйіріліп жүретіндердің ілтипатымен баян етеді. Шет-жағасын біздер де көріп едік. Өзім ғана демейтін, алдындағыларды үлгі ететін, Шолпан Иманбаеваны таң жұлдызына теңейтінін де естіп едік.

Одан кейін сыншыға көз қырын салып, «Әй, сендер, еркектер, әйелдің қадірін білесіңдер ме?! Қазіргі заманда келін өзінің туған атасын да бақпайтын болды ғой, қарағым. Ал біз басқа едік қой. Әлде ол кезде адам иманнан тұратын ба еді?» депті де: «Ұл сүйіп отау тіккен қонысым-ай!» – деп ата-жұртын есіне түсіреді. Сол отызыншы жылдардағы сойқанда ерекше көзге түскен Ежовқа лағынет жаудырып, «Ежов деген шықты бір бас кесері, Қатты састырып халықты қан нөсері», деп қаймықпай айтыпты да: «Кім екен жазықсыздан зар қақтырған? «Жау» деген атақ тағып, ел шаптырған. Жететін ақ-қарасына жан бар ма екен, Не сұмдық кез келгенге жұртты аттырған...» деп ашынады.

Бұл 1937 жыл болатын. Өзгелер Ежовты ер деп мақтап жатқанда, қайсар ана ешкімнен ықпайды, қарсы шығып, «Өксімен өкінішті өтті-ау өмір, Қайғымен қарауытып шіркін көңіл. Кешегі лапылдаған ыстық жүрек, Суыды, суықтағы бейне темір», деп бір қайырып алып: «Жаны ашыр, мұны көрген жан бар ма екен, Жарқырап алдан атар таң бар ма екен? Алаяқ Ежов сынды қан құмарлар, Сорлатып сонша жанды жалмар ма екен?» (1938 жылы жазған) деп күйінеді. Осы батылдығы үшін Мәриям апайды батыр демей көр. Сол Мәриям апамыз Кенжебайұлының кеңесімен ұлтқа керек деп «Қырымның қырық батырын» ұлы жырау Мұрын Сеңгірбайұлынан жазып алған екен. Кейін ол жарыққа шыққан соң, зиялы қауым айтулы ақын апаларына алғысын білдіріп, бізде де «Манас» секілді эпос бар екеніне көздері жетіп, Мәриям апамызды дана апа деп кетіпті.

Қазақтың ақын қызы Зияш Қалауова туралы ұлы Бейсекең: «Азғантай ғұмыр кешіп, артына ел айта жүрер салмақты мұра қалдырған аяулы қарындас-ты», деп үш жинағын қолына аманаттап кеткен екен. Бейсекең аманатына адал болып келе жатқан Құлбек дос ол туралы кеңінен толғанады. Осы ғасырдың басында біз де «Қазақтың ақын қызы Зияш еді», деп «Егемен Қазақстанға» жазып едік. Жалпы, ғалым аналар келбетінен керемет сөз галереясын кестелегендей әсерге бөлейді. Оның ішінде қос Мәриям – Хакімжановамен, Мұқанкелінімен өз анасын ұштастырып, басқаларымен жалғастыруы да жарасым тауып отырады. Әкелікке жараған Бейсекеңе балалыққа жарап, қызмет ету екінің бірінің қолынан келмейді. Ал Құлбектің қолынан келді. Құлбек баласы есебінде: «Қайран да, қайран Бейсекең!» деген мақалада ұлы ғалымға мұңын шағыпты. «Ал менің білетінім – Сіздің көкірегіңіз «Қазақ қайтсе ел болады!», «Азаматтық тарихымыз «Түрік» қағанатынан» неге сабақталмайды?», «Ұлт әдебиетіміздің тарихы неге «Орхон-Енисей» ойма жазуынан басталмайды?» деген сұрақтарға толы шер-шемен болып өткені. ...Сіздің жүрегіңіз қашанда қазақ деп соққаны. ...Кешегі кеңестік кезеңде коммунистік идеологияға ішін алдырмаған азын-аулақ азғантай адамның бірі болдыңыз», деп бір қайырып тастайды да: «Біз қайраткерлікті қызмет, мансаппен өлшейтін түйсігі түсініксіз ұрпақпыз. Министр дәрежесіне жетті-ақ «қоғам және мемлекет қайраткері» деп шыға келеміз», дейді. Жетімді жебеген кеңес өкіметіне қарыз бола тұрып, жетімді жеткізгенін ұқса да ұлт ісіне келгенде оны тәрк етіп, уралап жүріп елеусіз, ескерусіз қалдырған «Шыңғыс хан», «Абылай хан», «Кенесары хан» аталатын үштік кітапты бастап, Күлтегін жазуына үңілгенін, ежелгі әдебиетті тірілткенін алға тартып, шын мәніндегі ұлы ғалым екеніне көзіңді жеткізеді. Біздің де ұлы сөзін жиі айтуымызға осы негіз.

Қ.Ергөбек дегенде онымен тамырласып кеткен екі айтулы Алаш ұлдары ойға келеді. Бірі – ұлт ғалымы Б.Кенжебайұлы, екіншісі – жазушы С.Мұқанов. Екеуін де шын ниетімен зерттеді. Алда айтқанымыздай,

біріне ұл болды. Отын жағып, мұрасына иелік етті. Барының бағын ашты, жоғын іздеп тапты. Айтары жоқ, адал қызмет көрсетті. Екіншісінің музейін өз қолымен ашып, қорындағы мұраны тиянақты зердесінен өткізіп, естелік кітап құрастырып, бүкіл шығармашылығы туралы көлемді-көлемді алты кітап жазды. Онда ала-құла пікірдің аражігін ашып, заманына қарай айтқан сөздерінің астарына жете мән беріп, құбылып соққан уақыт желі кімді адастырмайды, кімді шалыс бастырмайды, деп төрт құбыласы түгел туындыларын алға оздырды.

«Коммунистік партиядан тойдым. Тозды партия», деп ұлы жазушы Мұқанов назаланыпты. Тарихи-этнографиялық «Қазақ қауымын» жазыпты. Ол кейін «Халық мұрасы» деген атпен жарық көріп, қалың жұрттың іздеп оқитын кітабы болғанына куәміз. 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты ғылыми еңбегінде: «Қазақ тілінің негізін салып, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес», деп одан соң: «Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ», дегені қандай көрегендік. Расында, Ахмет те, Мағжан да сол биіктен көрініп, халқымыздың даналығын, даралығын көрсетіп отыр емес пе? Әрине, біз жазушыға ақтаушы болайық деп отырғанымыз жоқ. Құлбек достың ақиқатты айтуына үн қосу ғана.

Оқу министрінің орынбасары Щербаков деген ғылым кандидаты боламын деп диссертация қорғамақ болады. Түпкі ниетінде интернационалдық тәрбие деген желеумен бастауыш қазақ мектептерін бірте-бірте азайту жатыпты. Осыны ұққан академик С.Мұқанов оған қарсы шығып: «Щербаковтің диссертациясында айтылғандай, мәселе Отанымызда жаппай орыс тіліне көшуге келіп тіреліп тұр ма?.. Жастарға интернационалдық тәрбие беру жамылғысымен қазақтың бастауыш мектептерін жабуға атымен қарсымын!» деп төтесінен кетеді. «Әрбір халықтың ұлттық мектебі – сол халықтың күллі ұлттық мәдениетінің негізі, тіпті тұғыры! Ұлттың тілі, әдебиеті, өнері сол ұлттық мектепте жасалып қалыптасады. Олай болса, ұлттық мектеп – сол ұлттың өмірі, өмір сүру кепілі!» дейді.

Киелі Түркістанға табан тіреген соң Құлбек әдебиетшілігіне қоса, түркілік жұмысты қолға алды. Түркологияға ден қойды. Мағжанға сүйеніп «түркі» деп жазбайық, «түрік» дейік деген пікір ұсынды. Алғашында мұны қате дегендер табылды. Келе-келе Құлбектің сөзі дәйекке айналды. Қайда жүрсе де ұстазы Бейсекең секілді Түркістанға орын тепкен соң, әр таңғы қадамын түрік дүниесі, қазақ әлемі деп бастайтын азамат ғалым ағаларының жолын жалғап, Түркістан тарихына үңіліп, Кауфманның 500 томдығын зердеден өткізген соң, ол XIX ғасырда осындай ерлік жасапты, бүкіл Орталық Азияның тұнып тұрған өмірін айнадағыдай көрсетіпті, ендеше XXI ғасырда біз неге сол ерлікті жаңғыртып, азат елдің тарихын толықтырмаймыз деп, бел

шешіп кіріседі. Еткен еңбек, кеткен көз май жеті томдық «Түрікстан жинағы» болып жарыққа шықты.

Екіқабат жаңа ғимаратта «Бейсембай Кенжебайұлының түріктану музейі», «Түрік тілдес халықтар кітапханасы», «Түрік халықтары өнер галереясы» ашылды. Бейсекеңдей ұлы ғалымның ұлағатты шәкірті Мырзатай Жолдасбеков: «Бұл бәріміз үшін киелі орын, киесі қазақ түркологиясының бастау басы Бейсембай Кенжебайұлы болса, иесі – оның ұлы Құлбек Ергөбек» дегені есте.

Сөйтіп, Құлбек түркі дүниесіне қажет алдағы үш құндылықты халық игілігіне ұсынды. Бұл түрік жұртына жасалған оның таза пейіл еңбегі. Жоқтан бар жасап, бардың бағын ашқаны. Қазір дүние жүзінде тең келері жоқ «Түрік тілдес халықтар кітапханасындағы» құндылық бір институт, тіпті бір академия атқарар жұмысқа пара-пар. Ондағы көптомдық энциклопедиялар, сөздіктер, іргелі түрік мемлекеттері былай тұрсын, қолдану аясы тарылған, тіпті жойылуға тақау қалған тыва, шор, хакас тілдеріндегі дүниелер қаншама? Ақын-жазушылар тарту еткен кітаптар кітапханадағы бір әлем десе болады. Жиырма төрт түрік тіліндегі қырық тоғыз мың кітап жинақталған. Естуімізше, Құлбек жасақтаған рухани орталықтарға түрік дүниесінің оқымыстылары келіп, қыруар сирек кітаптардағы мәліметтерді зерттеп, ғылыми жұмыстарын жалғастыруда. «Құрметті қонақтар» кітабына олардың жазған алғы сөзін оқысаңыз Құлбек еңбегінің бағасын біле түсеміз. Әлем таныған Шыңғыс Айтматов «...сен бір ғана туған ұлтыңның әдебиетімен шектеліп қалмай, тұтастай Орталық Азия халықтары әдебиетінің көркем кестесін терең түсініп, әділ бағалайтын үлкен жүректі, нәзік талғамды білімпаз сарапшысына айналып, жемісті еңбек етіп келесің. Біз сенің осы біліктілігіңді құрмет етеміз. Біз соған қуанамыз, бек сүйсінеміз. Сен солай болғансың, солай болып қала бересің деп ойлаймыз», деген зор бағалауы таланттың талантты қапысыз тануы деуіміз керек.

Жинақтап айтар болсақ, оның шығармашылық ерекшеліктері мынадай: Бірінші, ол архив ақтарып, құнды материалдарын әдемі қиюластырып пайдаланады. Жазғандарын оқып отырып, бұрынғы кеңес одағында ол бармаған ел, ол ашпаған елдің архиві жоқ па деп қаласың. Қазақы дәстүрдің қайнар көзіндей Сәбит Мұқанов ізімен ізденісте жүріп, талай елдің архивін ашқан. Архивтен бір Сәбит Мұқановқа ғана емес, күллі қазақ әдебиеті, ұлттық мәдениетімізге қатысты небір асыл деректер тауып, олжамен оралып отырған. Бірер мысал келтірумен шектелейік.

Бір ғана ОМЭӨА (Орталық Әдебиет және өнер архиві. Мәскеу) архивінен, біз мұнда «Жамбыл ақын ба, жоқ па?» деп шулап жатқанда, Құлбек әйгілі кинорежиссер Сергей Эйзенштейн, ағайынды Васильевтер дейсіз бе, әдебиетші В.Шкловский, ақын В.Луговской дейсіз бе, соғыс жылдарында эвакуациямен Алматыға келіп, аяқталғанша қоныс еткен не бір қасқа мен жайсаңдардың «жеке архивін» ашып, ақындық өнердің ғажайып

тұлғасы – Жәкең жайында небір материалдар, небір қайталанбас Жәкеңмен, Сәбеңмен, Мұқаңмен бірге түскен олардың суреттерін алып келгені бар. Онымен де шектелмей, ертеректе олардың көзі тірісінде көзбе-көз жолығып, ауызба-ауыз әңгімелесіп, тағы да Жәкең, Мұқаң, Сәбең жайында естеліктерін жазып алған. Бұл да ұлылар жайлы ғажап құндылық емес пе?

Екі мәрте Еңбек Ері, бидегі әлемдік құбылыс Г.Уланова, Н.Сац, В.Шкловский, Ю.Завадский сияқты ылғи бір «сен тұр, мен атайын» өнер саңлақтарының сирек суреттерін, киноленталарын қазақ әдебиетінің алыптары музейіне тапсырып, айтқызып алған естелік әңгімелерін өз еңбектеріне әдемі пайдаланумен келеді. Ол құрастырған Жамбыл жайлы «Даңғыл», Қажымұқан жайлы «Балуан баба», Сафуан Шаймерденов екеуі құрастырған «Кәдімгі Сәбит Мұқанов», «Қазақ әдебиеті тарихының пірі» (М.Жолдасбеков) атанған Бейсекең хақында «Бейсембай Кенжебайұлы», жары Баян құрдас екеуі құрастырған Өзбекәлі Жәнібеков туралы «Ұлтымыздың ұйытқысы» естелік кітаптарының іші толы жәдігер деуге болады.

Студент кезінде (70-жылдар) өзі туған ауылдың көнекөз қариялары аузынан күш атасы Қажымұқан жайында естелік жазып алады, оны архивтік материалдармен толықтырып (С.Мұқановқа жазған хаты), белгілі бір композицияға құрып, «Қажымұқанның хаты» атап, «Егемен Қазақстан» газеті бетінде, 20-30 жылдан кейін жариялағанда басшымыз Шерхан Мұртаза «Бізге жазылар материалдар осылай болып келуі керек...» деп қуана бағалағанына қуә болғанымыз бар.

Мұхтар Әуезовтің архивтен жарияланбаған хатын да Құлбек тауып, Ахмет Байтұрсынұлы жайында жазған «Қырық мысал» хикаясы» аталатын эссе-мақаласында («Түркістан» газеті) әжелеріміздің «құрақ көрпесіндей» қиюын келтіріп пайдаланғанына тәнтіміз.

Бұл ретте М.Лермонтов жайында қайдағы бір қиырлардан бір тосын материал тауып алып, оны қымбат жәдігер ретінде формасын тауып, материал жазып жұртты таңғалдырып жүретін орыс әдебиетшісі Ираклий Андроников секілді біздің досымыз да аянып қалып жүрген жоқ. Орыс мәдениетіне жарасқан «әдеби ізденіс» неге қазақ мәдениетіне жараспайды? Оның бірсыпыра еңбектері осындай «ізденістен» тұрады, тың деректермен жазылған дүниелері қызықты оқылады. Құнтты Құлбектің архивтік тың деректер, көнекөздің естеліктері қатыстырылып жазылатын әдебиеттанушылық, сыншылық еңбегі көркем деректі әңгімедей баурап, еріксіз оқуға отырасың. Оған ғалым сыншының «Сарасөз» аталатын архив материалдарынан тұратын кітабы дәлел.

Қазақ әдебиетінің жалпытүріктік ортақ тарихы үшін күресіп, шәкірттерімен бірге қазақ жазба әдебиетінің тарихын «Түрік қағанаты» дәуіріне дейін бақандай XV ғасырға тереңдеткен күрескер «хас батыр» (Б.Момышұлы) – профессор Бейсембай Кенжебаев қартайып, қараусыз

қалған шағында, жары Баян екеуі бала мен келін болып қолына кіріп, бар ісі кісі міндетіне қараған әзіз адамды бағып-қақса, ол – досымыз үшін әдеби қаламгерлік ырыс болған секілді. Біріншіден, Бейсекең аузынан қаншама естелік әңгімелер жазып алған. Қазір оны бір әлем деуге болады. «Түрік қағанатынан бүгінге дейінін...» зерделеп, туындыларын қайта бастырумен бірге, көзі тірі кезінде қағазға түсірген «архив-дәптер» мәліметтерін қоса пайдаланып қызықты мақала, арнайы кітап жазып шықты. Қартты күту бейнет боларын түсінеміз. Ал біздің досымыз сол бейнетті әдеби ырыздыққа айналдырып, ұлт руханиятына үлес қосты. Ырыс емей, немене, бұл?

Екіншіден, Бейсекең айналасы толы шежіре қарттар болыпты. Мағжан Жұмабаевтың жары Зылиха анамыз, тұңғыш әдебиет сыншысы, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Ғаббас Тоғжановтың жесірі Мәриям апай дейсіз бе, Н.Оңдасынов, Д.Қонаев, Ж.Тәшенов дейсіз бе, Бейсекеңмен Ташкентте жетім балалар үйінде бірге тәрбиеленген Ж.Арыстанов, Ө.Тұрманжанов, Б.Шынарбаев, Ш.Өтепов дейсіз бе, оған әр қиырдан көңілін сұрап келетін әріптестері Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Мұқаметханұлы, Ы.Мамановты қосыңыз, Бейсекең арқасында жолықпаған, кездесіп әңгімелеспеген кісісі кемде-кем. Бұған күнде кешқұрым «Домодедова» аталған М.Төлебаев көшесінде бұрынғы Үкімет төрағасы М.Бейсебаев, бұрынғы Жоғарғы кеңес Президиумының төрағалары Д.Керімбаев, С.Ниязбеков, бұрынғы министрлер Ә.Сембаев, Ә.Шәріпов, Ә.Қанапин сынды қарт зейнеткерлер шоғырына еріп, бірге сейілдей жүріп, әңгімелерін тыңдап, қазір қалам тербеп жүргенін де айта кету парыз деп білеміз.

Құлбек қырғыз Ш.Айтматов, авар Р.Ғамзатов, өзбек А.Якубов, башқұрт М.Кәрім, балқар Қ.Құлиев, титан әдебиетші В.Шкловский, орыстың реформатор-режиссері Г.Товстоногов, пушкинтанудағы ерекше құбылыс Н.Раевский, Орталық Азиядан алғашқы қатарда И.Сталин атындағы сыйлықты алған Түгелбай Сыдықбеков, «би тәңірісі» атанған Г.Уланова, чешен М.Әсенбаев, өзіміздің би майталманы Шара т.б. сан-сала саңлақтарымен жүздескен, іздеп барып әңгімелескен, сұхбаттасып мақала жазған ауқымы кең азамат, тынысы кең қаламгер. Бұл саладағы еңбегін тұшыну үшін оның «Дарасөз» аталатын кітабын оқыған ұтылмайды.

Осыдан оншақты жыл бұрын Түркістанда ағартушылық қызметке жегіліп жүрген оның Астанаға оператор ертіп, телекамера ала келіп Әбіш, Мырзатай, Төлен, Қойшығара ағалармен бес-алты сағаттан сұрау беріп, жетелей әңгімеге тартып, адамдық, қаламгерлік сырын телетаспаға жазып алғанын да көрдік. Одан Алматы асып Т.Кәкішев, С.Қирабаев, Д.Исабеков т.б. жазушы, әдебиетшілерді экран алдында сағаттап сөйлетті дейсің. Бұл не? Ондағы мақсат руханият әлеміндегі ұлттық тұлғаларымызды келешекке тірі бейнесінен «алтын қор» жасап,

сақтап қою еді. Осыдан кейін досымызды «Құнтты Құлбек» атамасқа амалымыз бар ма?

Қазақ әдеби сыны – әр алуан тақырыпты Құранды кітаптан тұратыны белгілі. Ал Құлбек тұтас бір сын кітабын бір жанрдың тарихына, табиғатына арнайды. «Өлеңсөз» – қазақ поэзиясын, «Қарасөз» – қазақ прозасын, «Сарасөз» әдебиеттану, сын табиғатын қамтиды, басқа том-том еңбектер де осылайша әр жанрды тарата баяндайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, «Түрік тілдес халықтар кітапханасында» 24 түрік тілінде жарық көрген 49 мың кітап жинақталыпты. Оның ішінде бүгінде өз тілінде кітап басылмайтын, 10 мың шамасында ғана қалған, жойылып бара жатқан шор тілінде кезінде жарыққа шығып үлгерген шерлі кітаптардың жөні бөлек. Ортағасырлық араб тіліндегі басылымдар, Санкт-Петербургте «Түркістан институты» баспаханасында ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасыр басында басылған, сол институтқа сырттан жинақталған энциклопедиялар, энциклопедиялық сөздіктер (ХІХ ғ.) тұнып тұрған қымбат мұра, құнды жәдігерлер емес пе? Бұл орайда «Түрік тілдес халықтар кітапханасы» кітапхана ғана емес, музей деп те білеміз. Досымызға кітапхананы «Түрік тілдес халықтар кітапхана-музейі» етіп қайта құруды ұсынар едік.

Кітапханадағы «Пушкин үйі» үлгісінде жинақталған еңбектер бір төбе. Жеке кітапханалардан бас құрайды. Кімдердің жеке кітапханасы? Ұйғыр Ғ.Садуақасов (академик), өзбек жазушысы Н.Фазылов, қырғыз Ш.Айтматов, татар Х.Миңнегулов, башқұрт М.Идельбаев, хакас В.Бутанаев, саха Н.Васильев (академиктер), Б.Кенжебаев, Ө.Жәнібеков, Р.Сейтметов, Т.Кәкішев... көп-ақ.

Шерхан Мұртаза кезінде Құлбек туралы «Сіз адал жүрек, ақ ниет, елге деген шынайы жанашырлықпен қай мәселеге де... көрнекті әдебиет сыншысы, ғалым, жазушы, педагог ретінде Алаштың көшбастар серкелері қатарында теңдессіз орныңызды таптыңыз», деген-ді. Осы күндері санаулы сардар дәрежесіне жеткен Құлбек Ергөбек туралы сөзімізді осымен түйінделік.

Сүлеймен МӘМЕТ